



# Мұнайлы Өлке

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті  
№02 (32), наурыз, 2012 жыл



# Қыбатты ханындар, құриетті әріптестер!

Жер-Анаға тіршілік нәрін себер көктеммен бірге барлығымыз үшін қымбат мейрам келіп жетті.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен Сіздерді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әкімшілігі, ер азаматтары атынан және өзіміздің атымынан иын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның гүлденіп-көркеюіне біздің қыз-келініктеріміз де ер-азаматтармен бірдей еңбек етіп, мұнай өндірісіне зор үлестер қосуда.

Көктемнің осы бір арайлы күнінде сіздердің дендеріңізге саулық, ұзақ құмыр, бақ-береке және барлық жақсылықтарды тілеймін!

Игі тілекпен,  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры

Мағауов Ә.М.

# Дорогие женщины!

Много замечательных дат и праздников в нашей жизни.

Но для нас особый праздник – это день наших матерей и сестер, наших жен и дочерей, который приходит вместе с весной – Международный женский день – 8 Марта!

С праздником Вас, дорогие женщины!

Примите мои искренние пожелания и благодарность за Ваш огромный вклад в развитие АО «Мангистаумұнайгаз».

Пусть с Вами всегда остается ощущение собственной избранности. Пусть каждый день дарит Вам весенние чувства: тепло, радость, счастье и любовь!

Первый заместитель генерального  
директора АО «Мангистаумұнайгаз»

Сунь Синъюнь

## ТАҒАЙЫНДАУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры болып Ербол Едиллов тағайындалды.



Едиллов Ербол Ондағанұлы 1981 жылғы 30 қараша күні Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында дүниеге келген.

2002 жылы Алматы қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінің прокурорлық-тергеу факультетін бітірген, заңгер.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілер істері жөніндегі агенттігінің Еуразиялық оқу орталығында төменде атап көрсетілген тақырыптар бойынша оқыды – нормалық-құқықтық актілер: нормалық-құқықтық актілердің мөтіндерін жазудың негізгі ерекшеліктері, заң қабылдаудың құқықтық рәсімдері.

2000-2002 жылдары – «Хабар» Агенттігінің штаттан тілшісі.

2002-2005 жылдары – Жаңаөзен қаласы прокуратурасының қауіпсіздік жөніндегі маманы.

2005-2008 жылдары - Жаңаөзен қаласы прокуратурасының әлеуметтік-экономикалық аясында заңдылықты қадағалау жөніндегі көмекшісі; соттың азаматтық, өкімшілік істер және атқарушылық іс жүргізу жөніндегі қаулыларының заңдылығын қадағалау басқармасының прокуроры; Маңғыстау облыстық прокуратурасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес департаментінде (ӘЖ/СЖҚД) және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінде (ҰҚКД) тергеу жүргізудің заңдылығын қадағалау басқармасының прокуроры.

2008 жылы – «Бұрғылау» ЖШС бас директорының қауіпсіздік және құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі.

2008-2009 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «ТеңізСервис» ЖШС-ның құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары департаментінің менеджері.

2009-2010 жылдары - «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Өзенмұнайгаз» ӨФ заң бөлімінің заң кеңесшісі.

2010-2012 жылдары - «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тікелей басқару тобының еңбек қатынастары жөніндегі менеджері.

2012 жылдың ақпан айынан бері - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры.

Прокуратура органдарында қызмет істеген уақытында Маңғыстау облысы прокуратурасының бұйрығымен бірнеше рет марапатталған.

«Заң газеті», «Жер қойнауын пайдаланушы және Құқық», «ПРОСПОРТ Қазақстан», «ОКО», «Заң және Заман», «Мұнайлы Мекен», «Отти Маңғыстау», «Жаңаөзен» басшыларында мақалалары жарық көрген.

Н.А.Марабаев атындағы «Мұнайшы» Қоғамдық Қорының өкілі.

Мұнай және газ саласы заңгерлерінің Қазақстандық Ассоциациясының мүшесі.

Маңғыстау облысының мұнай және газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» мерекелік белгісімен марапатталған.

## ГРАФИКТЕН ОЗЫҚ КЕЛЕМІЗ!

2012 жылдың алғашқы екі айының қорытындысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнай өндіру жоспарынан озып, алда келеді. 2012 жылдың 1 наурызында Қаламқас және Жетібай кенорындарында 946 530 тонна жоспары негізімен іс жүзінде 954 880 тонна мұнай өндірілді.

Біз мұнай өндіру жоспарына түзету енгіздік, - дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті өндірістік-техникалық бөлімінің топ жетекшісі Нұрлелес Нүкенов. – Мысалы, ақпанда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ 121 274 тонна мұнай өндіру көзделді, біз бұл жоспарға өзгерту енгізе отырып, өндірудің айлық деңгейін 127 020 тоннаға ұлғайттық. Жетібай мұнайшылары өздеріне берілген тапсырманы өте жақсы орындауда, сонымен қатар қантар айында жоспарды асыра орындады. Жоспар бойынша 128 676 тонна мұнай өндіру болжанды, бірақ мұнайшылар 6639 тонна артық өндірді.

Осындай керемет нәтижені «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнайшылары да көрсетті. Егер 2012 жылдың



алғашқы екі айында 690 834 тонна мұнай өндіру жоспарланған болса, алайда іс жүзінде 692 545 тонна мұнай өндірілді.

Қыс айлары біз өте жақсы өткіздік, - деп сөзін жалғастырды Н.Нүкенов. – Ауа райының қолайсыздығына қарамастан тұрақты түрде жұмыс жасап, өз міндеттерін лайықты түрде орындап жүрген кенорындар-

дағы мұнайшыларымызға үлкен алғыс білдіргіміз келеді. Енді алдағы уақытта көктем-жаз мезгілдерінен бастап тамызға дейін ай сайын мұнай өндіру деңгейін ұлғайта беретін боламыз.

Естеріңізге сала кетейік, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2012 жылға мұнай өндіру жоспары 5 млн. 900 мың тоннаны құрайды.

## Уважаемый Бакытжан Сисенгалиевич!

Выражаем глубокую благодарность за Вашу работу на благо и процветание АО «Мангистаумұнайгаз». Время, прошедшее под вашим руководством, научило нас многому, мы стали профессиональнее, а АО «Мангистаумұнайгаз» - сильнее.

Сотрудники Департамента Закупок и МТС отзываются о Вас как об исключительно профессиональном и приятном в работе руководителе. Мы знаем и ценим Вас и Вашу неутомимую энергию, целеустремленность, требовательность к себе и специалистам, постоянное совершенствование, умение работать в команде, отзывчивость и доброту, силу духа и порядочность.

Конечно, нам грустно, что вы уходите. Как не грустить, когда коллектив покидает волевым, ответственным лидер! Но мы знаем, что то, чему вы нас научили, поможет нам в дальнейшем. Мы оправдаем ваши ожидания.

Желаем Вам новых побед и интересных занятий, в которых вы, непременно сможете блестяще себя проявить. Пусть удача, счастье и крепкое здоровье никогда не покидают Вас и ваших близких! Желаем Вам обрести такой же добродушный, трудолюбивый и веселый коллектив (хотя, конечно вряд ли найдется такой второй, как наш). Нам будет искренно не хватать вашего чуткого и мудрого руководства.

Сіз сияқты бастық болса сенімді, Бұлт баспайды мәлдіреген қолыңды. Сіз бар кезде бізге тыныш, рахат, Сіз отырған жерде бізге қойыңды. Ұжым болып құттықтаймыз бүгін біз, Құтты болсын жаңа орыныңыз. Бәрімізге ақыл-кеңес беретін, Ұжыммыздың ұйтқысы боп жүріңіз!



Ұжымға Сіз тәртіпті қамқор керек, Сондықтан жақсы қыздар жиналды қол. Тілектер айтып Сізге ұнасын деп, Осмал қойыңды жүр мұнайға тек. Өзің той қойыңды еңі берген де Дүниеде Сізге басым тең келген бе? Қоғамда Сіз баспаған қол алдында, Қашанда табыламыз біз жаныңда.

Суважением,

коллектив Департамента закупок и материально-технического снабжения АО «Мангистаумұнайгаз»

# ҚАЛЫҢ ҚАРДЫҢ ҚЫСПАҒЫНДА

Айтатыны жоқ, биылғы қыс көкесін көрсетті. Қыс бойына күнделікті жаңалықтар легі Еуропа елдерінде болып жатқан табиғат апаттарынан бастап айтып жүрді. Украинада аяздан үсіп қалған жүздеген адамдар туралы айтылса, Сербиядағы деревняларды қар басып, олардың әлеммен байланысы үзілгендігін естідік. Ал қысы-жазы ауа райы бірқалыпты мамыражай Италияда соңғы 27 жылда болып тұрған ең төменгі температура тіркелген. Мандыстау облысының да кейбір аудандарында қар қалың жауып, ол адам тіршілігіне біраз кедергі жасады. Әсіресе ақпан айының ортасында болған боран Жетібай-Жаңаөзен, Ақтау-Шетпе жолдарын және Ақтау-Бейнеу жолының Сай-Өтес аумағындағы бөлігін күрткі қармен басып тастады. Жол бірнеше күнге жабылды, өйткені көлікпен жүру мүмкін болмады. Мұнда арнайы құтқару техникасы алдырылып, боранмен күрес басталып кетті. 16-17 ақпан күндері Жетібай-Жаңаөзен трассасының бойында иелері амалсыз тастап кеткен одаған машиналарды көрер едіңіз. Желін машина түтілі, белуардан келетін қалың қардан джип машиналары да шығар алмай қалды.

Асар кенорнында да жауған қарды ұйытқытып ұшырған нағыз боран басталып, кенорны қар қыспағында қалып қойды. Біздің әңгімесіміз осы туралы...



Асар кенорны Жетібай кентінен 40 шақырым жерде орналасқан. Бұл жерде вахталық әдіспен 150-дей мұнайшы жұмыс жасайды. Су, тамақ, дизельдік отын, дәрі-дәрмек кенорныға күнбе-күн жеткізіліп тұрады. Алайда ақпанның бораны көлік жүрісінің төртбін бұзды да кетті...

–12 ақпандан бастап жауған қар толастамай, бірнеше күн қатарынан жауды, - деп әңгімелейді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары Құдайберді Досаев. – Қашпа мөлшерде жауғаным бімеймін, бірақ та кейбір жерлерде қардың қалыңдығы метр жарымыға дейін жетті. Қар жауғаны жауған ғой. Оған қосылып қатты жел соғып, ол боранға ұласты. Ұйытқып соққан жел қарды көтеріп, автомобиль жолдарын басып тастады. Машиналар батып, жүре алмай қалды. Жол жабық, ал енді күнделікті таситын әр-түрлі жүктеріміз бар, енді қайткі? Жағдайды қиындатқан Төтенше жағдай министрінің қызметі болды, өйткені олар бар ауыр техникамызды елді мекендерді, ондағы мектептер мен ауруханаларды, балабақшаларды қардан тазартуға алып кеткен болатын. Сондықтан да қолымызда бар техниканыз бен күш-қуатымызға тәуекел етуге тура келді.

К. Досаевтың айтуы бойынша, арнайы техниканың өзі



қалың қарды әреп-әреп тазартты. Тазаланған жолды үсті-үстіне жауған қар бірер сағаттан соң тағы да басып тастап отырды. 40 шақырым жолды бірнеше сағатта жүріп өтуге тура келді. Машиналар керуенінің басында ауыр техника жол салып отырды, ол кері қайтп дегенше қар жауып қайта-қайта жолды басып тастап отырды. Машиналардың сыртын қалың мұз қаптап, ақ түтсек бораннан алдыңнан шптеңе көрінбей кетті.

– Жағдай қысылтаян, шынымды айтсам, мұндайды көптен көрмеген екенмін, – деп Құдайберді әңгімесін жалғастырды. – Мұнай өндірудің тәуліктік нормасы түсіп кетті. Қазір енді жағдай түзелді, жетпесті толтырамыз ғой деп ойлаймын. Сондықтан да осы сәтті пайдаланып, әріптестеріме рахмет айтқым келеді. Ешқайсысы да сасқан жоқ, абыржыған жоқ, үндемей өздеріне тиісті шаруаларын жасады. Құдайға шүкір, үскен де, жоғалған да ешкім болған жоқ.

Асар кенорнының өзі қалың қардың астында қалды. Жатақхана, асхана, медпункт қардан көрінбей қалды. Кейбір жердегі күрткі қардың биіктігі 1,5 – 2 метрге жетті. Қар жауған алғашқы күндері кенорнының барлық жолдарын, ғимараттарын қар басты. Арнайы техниканың күшімен негізгі жолдар тазартылды, ал оның бара алмаған жерлері қолмен аршылды.

– Бірнеше күн қатарынан қармен күрес жүргіздік, – дейді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨК-3 бастығы Сағынш Оразбаев. – Кенорнының жолдарын тазарттық. Мұнайшылар сыр білдірмей, үлкен жауапкершілік пен бірік танытып, қолдарына күрек алып, жатақхана, асхана және басқа да ғимараттарды күрткі қардан аршыды. Көпшіліктің күшімен табиғаттың бұл алаңатынан сөйтіп аман-есен шықтық.



P.S. Қаламқас кенорны да қалың қардың қыспағында қалған болатын. Мұнда да кенорнының ішкі жолдарын, ғимараттарды, нысандарды күрткі қар басты. Автомобиль жолдарының жабылып қалғанына байланысты, вахталық әдіспен істейтін мұнайшылардың ауысым кестесі бұзылды. «Қаламқас» өндірістік басқармасы қызметкерлерінің ерен еңбегінің арқасында қармен күрес мұнда да сәтті аяқталды. Қазір кенорны өзінің қалыпты жағдайына келді.







**Майра Избасанова, «Қаламқасмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының тұрғын үй пайдалану күтушісі:**

– Мен 1977 жылы 30 қыркүйекте Бейнеу ауданында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Бір атадап бес тумаластық. Анам 30 жыл әуесжайда кассир қызметін атқарды, әкем қолиқ жүргізушісі болды. Қазір екеуі де зейнеткер. Осында 1984 жылы Ыбырай Алтынсарин орта мектебінің табылдығын аттап, оны 1994 жылы бітірдім.

Мектепте өткізген күн-дерімді сағыныпша еске аламын. Қайран, балалық шағым... Көңіл таза, жанымыз нәқ кездеріміз ғой. Алтынсарин мектебі – Бейнеудің ең таңдаулы, алдыңғы қатарлы мектебі болатын. 3 қабатты ғимаратта орналасқан мектеп алыстан көз тартатын еді. Ішінде спорт залы, асханасы, гардеробы болды. Мектеп директоры болған Мухамеді Насухаев ағай – озық ойлы ұстаз болатын. Мектебіміздің оқу-тәрбие жұмысы басқа мектептерден ерекшеліні тұратын, сондықтан да бейнеуліктер балаларын осы Алтынсарин мектебіне беруге тырысатын-ды. Мектеп оқушылары да басқалардан білімі жағынан болсын, тәрбие жағынан болсын көш ілгері болды. Мектебімізде Сара Жаманбаева, Зәуре Есжанова деген жоғары дәрежелі мұғалімдер сабақ берді. Жоғары сыныптарда сабақтар пәндік кабинеттерде өтетін еді. Физика, химия, биология кабинеттері керекті құралдармен жабдықталған болатын. Есімде тағы бір қалғаны – қабырға газеттеріне ерекше көңіл бөлінетінді. Газетті мағыналы мақалалармен толтыруға, оның көркемделуіне оқушылар шын мәнінде қатты көңіл бөліп, барлық ынт-шытымен жасайтын еді. Токсан сайын газеттердің ең үздігін хабарлап, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар беру – осындай да жақсы дәстүр болды. Спорт секциялары жақсы жұмыс жасады. Жалпы, мектебіміз біз үшін өз үйіміздей болды ғой. Ойлап отырсаң, қай жұмысқа да оң инет қойып кірсе, оның нәтижесі де сондай болады екен. Алтынсарин мектебінің ұстаздар ұжымы мықты болды, олар ауылдық қара көз балаларына шын ықылас-ниеттерімен оқу-тәрбие беруге тырысты. Оның жемісін біздер, балалар көрдік. Мектептен түлеп ұшқаныма көп жылдар өтсе де, әлі де сағыныпша еске аламын... Қайран менің алтын ұядай болған мектебім, қайран менің ұстаздарым...

Есейдік, ер жеттік, он жыл мектеп партасында отырғым, тумаластай болып кеткен сыныптастар әрқайсымыз әр жаққа

ұшықта кеттік. Мен тұрмыс құрдым. Отбасылы болып жүріп, сырттай Ақтау политехникалық колледжіне түсіп, оны «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Қазір екі қыз тәрбиелеп отырмын. Үлкен қызым Медина алтыншы сыныпта, екіншісі Альбина төртінші сыныпта оқиды. Қоғам өмірі күн санап өзгеріп келеді. Қазір заман талабы – қосымша тіл білу. Медина ағылшын тілін жетік білуге талаптанғасын, оны қосымша тілдік курста бердім. Ал кішісі өнерге жақын, ол қалалық өнер мектебінде домбырадан дәріс алады. Сабақ үлгерімі де жақсы.

«Манғыстаумұнайгаз» компаниясына мен 2005 жылы орналастым, Қаламқас кенорнында тұрғын үй пайдалану күтушісі болып жұмыс жасаймын. Ұжыммыздың ауызбіршілігі мол. Осында, Қаламқас кенорнының спортзалында стол теннисін ойып үйрендім. Үйретушім – кенорнының спорт жаттықтырушысы Тілегенов Сұлтан. Өзім бала кезімнен спортқа жақын болып өстім. 2009 жылы Петропавл қаласында өткен «Ақ бидай» Республикалық спартакиадасына компания атынан қатыстым. Қалалық жарыстарда жүлделі орындарды алып жүрмін. 2011 жылы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары қызметкерлерінің арасындағы спартакиадан 3-орынды иеленіп, қола медальға қол жеткіздім. Жұмыстан бос уақытыма Ақтау сауда-ойын кешенінде орналасқан спортзалда жаттығамын.

Барша қыз-келиндестерімді алда келе жатқан 8-Наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қаламқас кенорнында еңбек етіп жүрген мұнайшы аналарға зор денсаулық, еңбекте табыс тілеймін!



үйлін келжесімін. Ескі Жетібайдағы 4-ші мектепте оқидым. Көп балалы отбасында өскенім бе, әлде заман сондай болды ма, біздер ерте есейіп, жауапкершілік деген ұғымды біліп өстік. Сабақты өз бетімізбен жасаймыз, үйді де жинаймыз айттырмай, тиянақты, ұқыпты, тілалғыш болдық. Мектеп бітіргесін Жетібай кенорнында оператор болып еңбек жолымды бастадым. 1988 жылы Қаламқас кенорнына ауыстым. Осында Болат Қалбаев деген жігітпен кездесіп, соған тұрмысқа шықтым. Атам Қапжанар Қалбаев та мұнайшы болған кісі. Жолдасым қазір теңіз портында жасайды, 3 баламыз бар, Аллаға шүкір. Тұңғышымыз Руслан 1990 жылғы, Раушан – 1992, Рамазан – 1994 жылы дүниеге келген. Үлкеніміз үйленді, немере сүйгізді. Абдрахман деген немереміз бар.

Мектепте өткен балалық шағымды еске түсірсем, езу тарттыратын сөздер көп екен... Қайран сол кездің аққоңы, аңқау

балалары! Қазіргідей нешебір түрлі зат жоқ, көздің жауын алатын. Сәл нәрсеге мөз болатын заман ғой. Ер балалар 8 Наурызға қыздарға өздеріне тырысып сыйлық дайындайды. Сондағылары «Красная Москва» деген өтірсе, я болмаса айна-тарақ. Онысын көдімгі қара газетке орайды ғой (қазіргідей, сіре, жалтыраған орауыш қағаз жоқ). Біздер жүреміз ұялып. Ана байұстаар да ұяла-ұяла өздерінің таңдаған қыздарының қолдарына беруге дәрмендері жетпей, қоздырып тура қара алмай, лақтырғандай қылып береді де, тұра қанады. Қыздар бәле көргенді шынғырып олардан қашады, газет-мәзітпен сыйлықтарын кері лақтырып. Ой, бір қызық болады, сойтіп... Қайран балалық шақ-ай, келмеске кетті ғой сол бір кездер...

Мейрам құтты болсын, апаларым, сіңділерім! Отбасыларыңызға бақыт, ырыс, несібә тілеймін. Тіршілік баянды болсын!



*Құтты болсын 8-наурыз мерекеңіз!*

Өздерің ғой, мына біздің мерекеміз, Өздеріңіз болар ма еді берекеміз. Халықаралық әйел-қыздар көктем күні Құтты болсын 8-наурыз мерекеніз!

Аяулы да ардақты асыл жандар, Мейіріңнен күнін нуры шашылғандай. Дүние сіздерменен құлшырады. Қыр гүлді қызғалдақтар ашылғандай.

Ақ сүтінен, өмірдің баз-бұлағы, Аналарсыз бала ма еді құн шұғағы. Нұр берген шапағатты шаттығымен, Аналар шапырақтың шам-шырағы.

Мерейіңнен төгесіз көктем өңір, Көктемсіз болар ма еді бізге қоңіл. Аналар, ару, қыздар аман жүрші Жайнасын жер жүзінде көктем өмір.

Сіздер ғой шұғылалы ару көктем, Қымбатты әйел-қыздар мейірім төккен. Сіздерді алтын күнге балаймыз біз Нұр сыйлап, шаштұғын жерге көктем.

Күн дидарлы жылуды саялаймыз, Баға жетпес мәртебені бағалаймыз. Сіздерге шексіз алғыс, ол да аз ғой, Алақанда сізді мәңгі аялаймыз.

Құттықтаймыз сіздерді шын жүректен, Баянды бақыт, береке ырыс толысын. Зор денсаулық, қажымас қайратпенен, Талмас талап, еңбегіңіз жемісті болсын. Өмірлеріңізге тек сәттілік тілейміз: Қымбатты Ару қыздар!

*Алғысымыз сізге шексіз асыл жандар!*

Нұр көрдім асхананың әр қызынан, Бармағынан бал тамған дом-тұянынан. Нанымыз да, әнімде өздерің ғой, Мейіріміңнен көңілге ән ұшыраған.

Берекеміз жемісті гүл бағыннан, Шаттығына бөленіп біз дарыған. Ақ пейілді ардақты назік жандар, Айналым асхананың қыздарынан.

Шайылынан шаршағаның басылғандай, Қыздар-ай, шайың баддай, озың қандай. Киелі ақ дастархан дәмге толы, Наурыз шаңуы шашылғандай.

Арнамызда мәртебені бар асқар әлі, Мұнай қызу асханадан басталады. Өмірде гүлдей жайнап, бақытты болып, Әңкелер қарындастар ақ маңдайлы.

Айдындағы көрікті ақсулардай, Қазағымың қыздары сұлу қандай. Жарайсыз асханалар ханшайымы, Шыңдағы аңпақ қардай ақ шынардай.

Сіздердің үлесімен мұнай келген, Отанға толағандай мұнай берген. Алғысымыз сізге шексіз, асыл жандар, Асқақтан алға барады мұнай керуен.

Қара алтынмен қауырлан бұлағымыз, Өлемге шарықтайды жыр әніміз. Әрдайым қамқоршы мерейіңнен, Таси берсін табыс боп мұнайымыз!

Қанатов Қожағали, ОТК жүргізушісі



# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Богданов Юрий Николаевич, 5 наурыз – ҚҚ аға сақшы  
 Жолдасбаев Нұрқуат, 8 наурыз – тұрғын-үй пайдалану цехы, ағаш ұстағы  
 Токбаев Бекмұхан, 8 наурыз – МГӨЦ-4 мұнай-газ өндіру операторы  
 Алашаев Шәкірат Дәуітұлы, 9 наурыз – ҚҚҰЦ техник-геологы  
 Сүгіров Ақылбай Достанұлы, 18 наурыз – МГӨЦ-4, слесарь-жондеуші  
 Жарылғасов Қуанбай Наурызбайұлы, 20 наурыз – өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы  
 Дмитриев Михаил Сергеевич, 23 наурыз – ПҚЖПЦ токарі  
 Бітімбаев Наурызбай, 25 наурыз – СЖМТЖД  
 Досанов Сәдібек Қайыржанұлы, 28 наурыз – ТУШЦ, слесарь-жондеуші

## 55 жас

Райымбердиева Қарылғаш Алтұрғанқызы, 2 наурыз – МКДАЦ, оператор  
 Өмірбаева Жұмасұлу Төлесінқызы, 6 наурыз – ТУШЦ үй қызметшісі  
 Қосбаева Заура Жұмабекқызы, 14 наурыз – КҚД, 3-дәрежелі сылақшы  
 Тілеубасва Жанат Айсакқызы, 15 наурыз – ӨМЖӨДД, аудармашы  
 Литовченко Инна Александровна, 16 наурыз – Автоматтаңдыру, АТЖБД, есептеулі орталық технигі  
 Нұржапова Клара Жетібайқызы, 31 наурыз – МГӨЦ-3, өндіріс және қызмет орындарын жинаушы

## 50 жас

Бисенова Клара Қаналқызы, 10 наурыз – ҒЗӨЖЦ дебит өлшеушісі  
 Жұмабаев Қонысбай Отегенұлы, 12 наурыз – МГӨЦ-2 электр газ дәнекерлеушісі  
 Нүберекова Күлсін Түйешіқызы, 18 наурыз – МГӨЦ-3, өндіріс және қызмет орындарын жинаушы  
 Дүйсекепов Сайлау Аманғалиұлы, 18 наурыз – КД, 4-дәрежелі көлік жүргізушісі  
 Абатов Марат Төлесінұлы, 24 наурыз – СЖМТЖД, 6-дәрежелі тепловоз машинисі  
 Бекболатов Аманғали Көшербайұлы, 25 наурыз – ҚҚ, сақшы  
 Эзбергенова Орынай Қизатқызы, 31 наурыз – МКДАЦ, оператор

## СПОРТ

### АЛТЫН МЕДАЛЬ - ҚАНЖЫҒАМЫЗДА!

Исхакова Светлана сығымдап көтеруден (ауыр атлетикада)  
 Маңғыстау облыстық чемпионатында жеңіске жетті

18 ақпан күні Ақтауда алғаш рет сығымдап көтеруден (ауыр атлетикада) жасөспірімдер мен ересектер, сондай-ақ ардагерлер арасында Маңғыстау облыстық чемпионаты өтті. Турнирге облыс қалалары мен аудандарынан келген 70-тен аса спортмен, сонымен бірге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ААТЖБД географиялық ақпараттық жүйелерді алып жүру тобының жетекшісі Исхакова Светлана да қатысты. Мұндай биік дәрежедегі турнирге алғаш рет қатысып отырған нәзікжанды әріптесіміз атақты қарсыластарынан именбестен турнирде жеңіске жетті!

Светлана Шарафаденова «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ компаниясында 1988 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бір қызығы, ол штангамен бар болғаны бір жылдан астам уақыт қана айналысуда. Бұған дейін ол аэробикаға, йогаға, биге қатысқан. Енді, міне 2012 жылдың қаңтарында Светлана алғаш рет олимпиялық штанга грифин «Ақтау» сауда ойын-сауық кешенінің жаттығу залында қолға алды.

- Азғантай салмақтан бастап, біртіндеп ұзайта бердім, - деп еске алады С. Исхакова.

Кейін пындап айналысу керектігін түсіндім де, халықаралық спорт шебері бәсенді түрде айналыса бастады, сосын маған сығымдап көтеруден (ауыр атлетикада) Маңғыстау облыстық чемпионатына қатысуға кеңес берді.

Осыдан бастап Светлана Шарафаденова жаттығу залына жүйелі түрде баруды әдетке айналдырды, арнайы әдістемелік әдебиеттерді оқып, үйренді және ер адамдікі деп саналатын осы спорт түрін ұнаттып та қалған еді. Бастапқы кезде таныстар мен әріптестер, әйел адамға күшті көп қажет ететін жаттығулардың қажеті қанша деп, оның таңдауын түсінбегенін айтады. Бірақ осыған қарамастан, ол қайраттанып жаттығуды жалғас-



тыра берді, күн сайын кешке жұмыстан соң қайта-қайта жаттығу залына барып жүрді. Және осы еңбек өз жемісін берді де!

Сығымдап көтеруден (ауыр атлетикада) Маңғыстау облыстық чемпионатында Светлана Шарафаденова алғашқы талпыныста 55 кг, одан кейін 60 кг, ең соңында 62 кг көтерді Бірақ, соңғы талпыныста салмақты көтергеніне қарамастан техникалық себептермен есепке алынбады. Сонда да, осы 60 кг өзі Светланаға жеңіс үшін жеткілікті болды. Алтын медаль біздікі! Және бір қызығы жеңімпаздың өзі 46 кг, яғни ол өзінен де ауыр салмақты көтерген.

Енді Светлана Исхакова наурыз айында Талдықорғанда өтетін Қазақстан чемпионатына дайындық үстінде. Ол өз алдына спорт шебері деген атақты жеңімпаз адам деген мақсат қойды, ол үшін 80 кг көтеруге тиіс (қаңтар уақытта жаттығуларда 75 кг көтеріп жүр).

Біздің газетіміздің редакциясы Светлана Шарафаденованы алда келе жатқан 8 Наурыз мерекесімен құттықтайды. Барлық жақсылықтарды, зор денсаулық, отбасы амандығын, қызметте табыс, және ең бастысы спортта жаңа жеңістер тілейді!

22 жастағы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨБ-1 слесарь-жондеушісі Манас Иманқұлов Орал қаласында самбодан өткен Әлем Кубогында қола жүлдеге ие болды.

### ҚАЛАМҚАСТЫҚ ҚОЛА ЖҮЛДЕТЕР

Манас балалық шағынан балуан болуды армандады. Алғаш рет оны 5-сыныпта оқып жүргенде ағасы самбо секциясына алып келген болатын, міне сол сәттен бастап ол жекпе-жектің осы түрімен белсенді түрде айналыса бастады. Біртіндеп Манас жергілікті турнирлерде жеңіске жете бастады және көп ұзамай самбодан 2011 жылдың мамырында Жезқазған қаласында өткен Қазақстан чемпионатына қатысуға шақырту алды. Қазақстан чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері автоматты түрде Әлем Кубогына жолдамаға ие болды.

Рас, 74 кг салмақ дәрежесінде сайысқа түскен Манас, жарыста тек 5-ші орынға табын тіреді, бірақ бұл нәтиже Әлем Кубогына қатысуға құқық бермейтін еді. Соған қарамастан, бапкерлері оған салмақ түсіріп, оның 68 кг дейінгі салмақ дәрежесінде сынап көруді ұсынды. Манас диетаға отырып, бір ай ішінде артық салмақтан арылды. Осылайша тағдыр оған тағы да бір мүмкіндік сыйлады! Манас 68 кг дейінгі салмақ дәрежесіндегі Қазақстанның қола жүлдегерімен сайысқа түсіп, жеңіске жетті. Осылайша ол Әлем Кубогында өз бағын сынап көруге мүмкіндік алды.

Әлем Кубогы 27-30 қаңтар аралығында Орал қаласында өтті, оған 27 елден келген 280 спортшы қатысты. Қазақстанның намысын қорғаған Манас Маңғыстау облысынан келген жалғыз спортшы болды.

Алғашқы бәсекеде екі балл есе жіберіп жатып, Әзірбайжандық балуанды ұнай есебімен ұтып шықты. Келесі сайыс бұдан да ауырлау болды: 3:2 есебімен Қырғызстандық балуан жеңіліске ұшырады. Үшінші сайыста Манас Тәжікстандық әріптесін тасталқан етіп 12:0 есебімен ұтып – таза



жеңіске жетті! Ең қиыны жартылай финал болды, онда Манас оралдық балуанмен сайысқа шықты. Алғашқыда жерлесіміз 2:0 есебімен алда келе жатқан еді, бірақ бір сәтте өз басымдылығын жіберіп алып, 3:2 есебімен ұтылып қалды. Бірақ соған қарамастан, Иманқұлов балуанға лайықты өнер көрсетті деп бағалауға әбден болады, себебі ол Әлем Кубогының қола жүлдесіне ие болды!

- Маған ығын қол ұшын созып, көмегін аямайтын «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастышымызға үлкен алғыс айтым келеді, - деді Манас Иманқұлов. - Сондай-ақ, менің бапкерлеріме, достарыма, әріптестеріме, және өзімнің жанұяма әрдайым көрсететін қолдауы мен түсінігі үшін алғысым шексіз. Алдағы уақытта да жаңа халықаралық жарыстарға бұдан да белсенді түрде дайындалатын болам.

Біз өз кезегімізде, осы Әлем Кубогы нәтижелері бойынша Қазақстан құрама командасы жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды, екінші орынды – ресейліктер, ал үшінші орынды – белорустық спортшылар иеленгендігін атап өткізіп келеді.



**Мұнайлы Өлке**

Меншік иесі:  
 «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов  
 Редакция аққасы: А.Ақшаева  
 Дизайнер-беттоюші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
 130000, Ақтау қаласы  
 6 ш.а., № 1 үй,  
 тел:  
 211-736, 211-734

Газет айына 1 рет шығады.  
 Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
 Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
 Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылығымен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265  
 Таралымы: 1500

«CASPIY PRINT» ЖШС баспаханасында басылды.  
 Ақтау қаласы,  
 22 ш.а.  
 тел: 750750  
 Тапсырыс: 736